

тәуелсіздігін жоғалтуын ашады. Осылайша, біз жүргізген тарихи дереккөздерге шолу әртүрлі кезеңдерде жарияланған немесе Ресей мен Қазақстан мұрағаттарының қорларында сақталған. Сонымен Ресей империясының зерттеушілерінің көбінің мақсаты Қазақ хандығы туралы этникалық, этнографиялық мәліметтер жинап, оның негізінде отарлау саясатын жасау екені анықталды. Бұл әлі күнге дейін мұрағаттарда сақталған көптеген құжаттардағы берілген мәліметтер зерттеліп, жариялануы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. — Казань, 1900. — 991 с.
2. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей/ И.И. Крафт. — Оренбург: Типография П.Н. Журинова, 1898. — 532с.
3. Сыздыкова Е.С., Вопросы истории Казахстана XIX века в трудах офицеров Генерального штаба Российской империи. - Астана: 2000.- 43 с.
4. Отепова Г.Е. История Казахстана на страницах Полного собрания законов Российской империи. — Павлодар: ПГПИ, 2009. — 169 с.
5. Жакыпбек С.К. История Казахстана (XVIII – начала XX в.). Сб. документов и материалов. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 314 с.
6. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Кн. 1, 2. - Алматы, 2000. - 417 с.

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Нұрлыбек М.Қ.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

kidralieva_a.b@mail.ru

Қарағанды қ.

Арал теңізі - әлемдегі ең ірі теңіздердің бірі болған, бірақ қазіргі таңда оның көлемі бірнеше есеге қысқарып, экологиялық апаттың символына айналды. Оның тағдыры адамзаттың табиғатқа немқұрайлы қарауының зардаптары қандай болатынын көрсетеді. Арал теңізі соңғы 50 жылда шамамен 70%-ға кішірейді. Қазір тек теңіздің орнында тұзды шөл жатыр. Мұның себебі неде және бұл аймақтың экологиясы мен тұрғындарының өміріне қалай әсер етуде? Бүгінгі таңдағы Арал теңізінің бассейнінде әсіресе, оның қазақстандық бөлігінде аса бір ауыр экологиялық жағдай қалыптасқанын көзбен көре отырып, ол жөнінде жан-жүрегің сыздамай әңгіме қозғау мүмкін емес. Оның үстіне, табиғатты түгелдей қайта қалпына келтіреміз деген әу бастағы инициативаның екпіні де біраз бәсеңсіп қалғаны рас, тек ендігі жерде бұл мәселеде қайбірде жаңсақ басып, жауапсыздық танытқан тұстарымызды барынша байыпты түзету міндеті ғана тұр. Дегенмен, әр алуан ұсыныстармен қатар теңізді сақтап қалу және Арал өңірінің табиғатын қайта қалпына келтіру жөнінде аздық-көпті шаралар жүргізіліп те жатқаны бар. Бір кемшілігі, сол шаралардың түпкі нәтижесі аса бір ауыз толтырып айтарлықтай емес, әрі олар әдеттегідей баяу, тар ауқымда жүзеге асырылуда.

Деректерге сүйенер болсақ: мәселен, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің “Союзгипроводхоз” институты жергілікті жерлердің су ресурстарын үнемді пайдалану мақсатында 2000 жылдардың қарсаңында Әмудария мен Сырдария сағаларына (әрине, теңізге емес) жыл сайын 20 текше километр суды бағыттау шараларын белгілеп отыр. Менің ойымша, бұл дұрыс, бірақ бұл су аздық ететін сияқты, себебі Арал теңізінің көлемі тым азайған және де жойылып кету қаупі де бар. Сондықтан неғұрлым ұтымды әрі шұғыл шаралар керек. Олай жасамасақ, 5-10 жыл ішінде теңіздің қазіргі деңгейін қалпына келтіру қиынға соққалы тұр. Бассейннің аса ірі жинақталған жері-Арал теңізі таяу жылдарға дейін өзінің көлемі жағынан, тұйық теңіздердің ішінде елімізде екінші, ал дүниежүзі бойынша төртінші орын алып келді. Бірақ шындығына келсек, Аралдың теңіз емес көл екенін және де оның ешбір әлемдік теңізбен байланыспайтыны белгілі. Ол көп уақыттар бойы өзіне келіп құятын қуатты қос өзен-Әмудария мен Сырдарияның арқасында айдыншалқары төмендеп көрмеген теңіз аталып келді. Нәбәрі 25 жылдың, яғни адам өмірінің үштен бір бөлігіндей ғана мерзімде теңіз бейнесі адам танымастай күйге түсті. Сырдарияның ағысы едәуір бәсеңдеуінің нәтижесінде жылына бір мезгіл болып тұратын су тасқыны да тыйылды. Енді болса сол аймақтардың өзі суға деген зәруліктен зардап шегуде. Бұның соңы теңіз өңіріндегі кішкентай көлдердің құрғап кетуіне және қамысты жерлердің сиреуіне әкеліп соқтырғаны анық. Арал айдынының орта түсуі мен өзендер суының азаюы бұл өңірдің ауа-райына да әсер етті. Яғни, Арал өңірі территориясының климаты құрғақ, шөлді аймаққа айналу процесі жүріп жатқаны айқын байқалады. Ең маңыздысы, бұл жағдай еліміздің астығы мен дөңді дақылдарымыздың азаюына әкеліп жатыр [1, 122 б.] .

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы жанынан құрылған өндіргіш күштерді зерттеу Советінің деректеріне қарағанда, Қызылорда өңіріндегі жағдайлардың нашарлауы нәтижесінде шаруалықтар

1980 жылға дейін бұл облыс шамамен 700 млн сом мөлшерінде зиян шеккен. Ал, Әмудария өзенінің экологиялық жағдайы бұданда ауыр.

Осындай себептерге байланысты Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы Шардара су қоймасы суының минералдануы 1,8 г/л жетті. Өзен суының құрамынан улы химикаттар мен тыңайтқыштардың зиянды қосындылары табылды, олардың әртүрлі ауруларды қоздыратыны анықталды. Арал теңізі деңгейі төмендеуінің қазіргі жағдайы және оның алдағы уақыттардағы экологиялық, элементтік-экономикалық салдары бассейнінің табиғи потенциалының сақталуына кері әсер ететіндігі сөзсіз. Бұл Арал өңірі аудандарының экономикасы мен өндіргіш күштерін дамыту барысында бірқатар қосымша қиындықтар туғызады. Әрине, бұның барлығы кенеттен пайда болған жоқ. Бұл жайында әлдеқашан белгілі болған еді. Қаншама дабыл қағылды, тіпті, бірқатар ғалымдар сонау 1970 жылдардың орта шенінен бастап-ақ Арал теңізінің тартылып бара жатқаны жайлы өз болжамдарын алға тартқан болатын. Бұндай ұсыныстар жылдан жылға жиналып жатыр, ұсыныстар орындалмаса, нәтиже қайдан болады?

Арал теңізі деңгейін қайта қалпына келтірудің орасан ауқымды шаралары толық жүзеге асқанға дейін ең болмағанда Арал теңізінің Қазақстан бөлігіндегі балық шаруашылығын қайта жандандыру, Сырдария өзенінен тартылған шағын канал арқылы теңіздің Кіші Арал деп аталатын бөлігін алғашқы кезеңде жылына 5-6 текше километр сумен қамтамасыз етуге болады. Қазіргі кезде, Қызылорда облысының жергілікті тұрғындарының арасында әр алуан ауру түрлері етек алып барады, сол үшін де оларға медициналық қызмет көрсетудің практикалық шаралары бірінші кезекте жүзеге асырылуы тиіс. Және де, Қызылорда облысындағы медициналық қызмет көрсету орталықтарын кеңейту керек деп ойлаймын. Арал теңізі тартылуының елеулі себептерінің бірі-оның әбден тайызданып, түбі көрініп жатқан тұстарындағы тұз шөгінділерінің аумағы ұлғая түсуінен. Қазір тап осындай алаңдар-2,5 миллион гектар жерді алып жатқаны жайлы ақпарат интернет желісінде жарияланған болатын. Тұзды тозандардың қатты жел әсерінен аспанға көтеріліп, кеңістікке таралуын тоқтату үшін-тартылып қалған теңіз түбінің бос топырағын бекіту мақсатымен бұл жерлерде физикалық және химиялық әдістерді қолдана отырып, кең ауқымды фитомешфациялық шараларды жүзеге асырудың мезгілі жеткен сияқты. Қазіргі Арал теңізінің экологиялық мәселесі бүгінгі таңда әлі шешімі табылмаған күрделі мәселелердің бірі болып саналады [2, 245 б.] .

Арал теңізі жайлы соңғы толық зерттеулер 1946-1950 жылдарға жатады. Зерттеудің мәліметі бойынша: теңіз көлемі 66 мың км², ең ұзын бөлігі 424 км, ал орташа тереңдігі 16,1м. Тек жағадан 60 км ұзағанда барып, оның тереңдігі 10 метрге жеткен. Еліміздегі шөлді аудандарды суландыру нәтижесінде күріш, мақта өсіру, олардың егіс көлемдерін ұлғайту шаралары Арал теңізінің негізгі су қоры болып саналатын Әмудария мен Сырдария өзендерінің суларын пайдалануды қажет етті. Бұл екі өзен сол өлкедегі суармалы жерлердің 50 %-ын сумен қамтамасыз етеді. Бүкіл еліміздегі мақтаның 90%-ы, күріштің 1/3 бөлігі осы алқапта өсіріледі. Сондықтан да соңғы 30 жыл ішінде екі өзеннің суы түгелдей ауыл шаруашылық мақсатына жұмсалды. Суғару жүйесінің дұрыс пайдаланылмағандығынан судың құмға сіңіп, ысырап болуы да кездесті. Ендеше, Арал теңізі жайлы алғашқы деректерге шолу жасайық: ежелгі заманның өзінде Арал теңізі көп елдерге мәлім болған.

Ежелгі гректер мен римдіктер Арал теңізі жайлы білген, оны Каспийдің “Скифтік шығанағы” деп атаған. Ерте дүниенің үлкен ғалымы Клавдий Птолемей де Арал теңізі жайлы деректер қалдырған. Ол Сагди тауларынан ағып Каспий теңізіне құятын Окс пен Яксарт өзендерінің аралығында жатқан Оксиан көлін атайды. Көл оның картасында да көрсетілген. Арал теңізі туралы IX және X ғасырлардағы араб ғалымдары-Ибн-Хордадбех, Ибн-Рустен, Масуди, Истахри, Ибн-Хаукальдың келтірген мәліметтері аса құнды. Бұл еңбектерден сол кездегі Аралдың көлемі мен жағаларының пішіні туралы мағлұмат алуға болады. Тарихи деректерге сүйенсек, Арал теңізінің деңгейі өткен мыңжылдықта әлдеқайла жоғары болатын. Бұл жөнінде мәліметтер В.В Бартольд пен Л.С Берг еңбектерінде көп келтірілген. Оларда жоғарыдағы авторлардың Аралды ірі су айдыны ретінде сипаттағаны айтылады. X ғасырда өмір сүрген белгісіз автордың парсы тілінде жазған “Худуд ал” Алам” атты қолжазбасында да Арал теңізінің сипаттамасы берілген. Мұнда теңіздің көлемі 300 фарсахқа тең келетіні және жағалауларының құмды екені жазылған. XI ғасырда өмір сүрген Шығыстың ұлы ойшылдарының бірі Әл-Бируни сол заманғы араб географтарының жинаған мәліметтерін қорытындылай отырып, Арал теңізі мен оның маңындағы территорияның неғұрлым толық сипаттамасын берген. Бір қызығы, оның жасаған картасында Арал теңізі Хорезм деген атпен көрсетілген. Орта ғасырларда Әмудария бағытын біресе Сарықамысқа, біресе Арал теңізіне бұрып отырған. Бұның себебі әлі ашылмай отыр. Мұны Л.С. Берг тұрғын халықтың шаруашылық қызметімен, ал Г. В Лопатин Моңғол шапқыншылығымен байланыстырады, өйткені олар өздерінің жорықтары кезінде Хорезмнің суландыру жүйелерін бұзып кеткен.

Адамдардың шаруашылық әрекетінің әсері Әмудария үшін орта ғасырларда күшті болды. Хиуа ханы Абылғазыдан жеткен мәлімет бойынша, Әмудария өзені XVI ғ. Каспий теңізіне құйған. Бұл мәселемен геологтар, әсіресе неміс геологы Авльтер айналысып, өзен ешқашан Каспийге құймағандығын дәлелдейді. Узбой(кұрғақ арна) басқа жолмен пайда болған дейді. Бұл көзқарасты кезінде орыс геологы И. В Мушкетов те қолдаған [3, 420 б.] .

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Арал маңына келген орыс зерттеушілерінің бірі-Мендиар Бекчурин Орынбордан Бұқараға дейін өзі өткен жолын сипаттап жазды және құмдардың формаларын классификациялауға талапталды. Ғылымға Арал маңындағы құмдарды зерттей отырып, “құмды жалдар”, “құмды төбелер” атты ұғымдарды енгізді. Арал теңізінің көне деректерден және өзге ғалымдардың

жинақтарынан кездесуі ерекше айқын береді. Аралдың ғылыми зерттеу тарихы XIX ғасырда басталды. Бұл кезеңде Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияның территориялары Россия қарамағына қосыла бастаған еді. Осыған байланысты Арал теңізі мен Арал маңын зерттеу жұмыстарына ерекше мән берілді. XX ғасырдың басында Россияда капитализмнің күшті дамуына байланысты шикізат қорының аудандары қажет болды. Осыған байланысты Арал теңізін зерттеу қайта жардандырылды. Бұл кезеңдегі зерттеулер 1897 жылы басталды. Бұл жылы Ташкентте Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі құрылды. Л.С. Бергтің алғашқы ғылыми зерттеулері осы қоғамның қызметімен тығыз байланысты болды. Жас ғалым Арал теңізін зерттеу жоспарын ұсынды. Және де Арал теңізі суы суының тұзы аз екенін-теңіз бетінде оның мөлшері 1,03 % аспайтынын айқындады. Л. С. Берг теңіз жағаларының бітімін зерттей келіп, Арал теңізінің жағалауын үш түрге: тегіс, қалақша тәрізді және қойнаулы жағаларға бөлді. Теңіздің қойнаулы жерлері тек Аралға ғана тән. Арал төңірегінде қырда және теңізде өсетін өсімдіктердің түрлері ұшырасады. Теңізде жануарлар дүниесі өте тапшы. Одан ғалым моллюскілердің 7 түрін, балықтардың 18 түрін тапқан. Теңіз деңгейінің ауытқуларын зерттей келе, ғалым 1740 жылдан бергі тарихи мәліметтерді салыстырды. Сонымен Арал деңгейінің көтерілу және төмен түсу кезеңдері алмасып отыратынын анықтады [4, 150 б.] . .

Совет дәуірінде зерттелуі. Арал теңізі мен оның жағалауларын зерттеу Совет үкіметінің алғашқы жылдарында өріс алды: 1920 жылы оған Д. П. Калинин және 1921 жылы Д. Котельников келді. Д. П. Калинин Аралдың тұңғыш және әзірге жалғыз қысқаша лоциясын (теңіз тереңдігін) құрастырды. Арал теңізінің жағдайын зерттеуге қазақ ғалымдары мен мамандары да өз үлестерін қосты. Олардың ішінде мыналар бар: 1. Әбіш Кекілбаев – экология және табиғат ресурстарын басқару саласында маманданған ғалым. Ол Арал теңізінің экологиялық дағдарысын зерттеп, оның қалпына келтіру жолдарын талдаған. 2. Ғалымжан Сәбитов – гидрология және метеорология саласындағы маман. Арал теңізінің су деңгейінің төмендеуін, климаттық өзгерістерді және олардың аймақтың экожүйесіне әсерін зерттеген. 3. Сабира Әлімжанова – биология және экология саласында жұмыс істейтін ғалым. Ол Арал теңізіндегі биологиялық әртүрлілікті зерттеп, экожүйенің өзгерістерін талдаған. 4. Мұратбек Жұмабаев – география ғылымдарының докторы, экологиялық зерттеулермен айналысады. Арал теңізінің географиялық өзгерістерін және олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеген. 5. Ләззат Қажанова – экологиялық саясат және басқару саласындағы маман. Арал теңізінің қалпына келтіру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысқан. Бұл ғалымдар Арал теңізінің экологиялық мәселелерін зерттеуде маңызды рөл атқарған және Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз етуге өз үлестерін қосты. Сонымен қатар, көптеген басқа қазақ ғалымдары мен зерттеушілері де халықаралық жобаларда және ынтымақтастықтарда Арал теңізінің мәселелерін шешуге үлес қосып келеді [5, 244 б.]. Менің ойымша, Арал теңізінің экологиялық мәселелерін шешу үшін бірнеше маңызды қадамдар қажет. Біріншіден, теңізге құятын негізгі өзендер – Өмудария мен Сырдарияның су ресурстарын дұрыс басқару керек. Бұл өзендердің ағысын реттеп, Арал теңізіне қажетті су көлемін жеткізу үшін халықаралық деңгейде келісімдер жасап, көрші елдермен бірлескен шешімдер қабылдау қажет. Екіншіден, су үнемдеу технологияларын енгізу маңызды. Ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдалану және жаңбырлатып суару сияқты заманауи әдістерді қолдану арқылы өзендерден алынатын суды азайтып, табиғи ресурстарды сақтау мүмкіндігі бар. Үшіншіден, орман алқаптарын және жасыл желектерді көбейту керек. Бұл аймақтағы топырақтың тұздануын азайтып, экожүйенің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, жел эрозиясын төмендетіп, климаттық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Төртіншіден, халықаралық ұйымдардың қолдауымен Арал теңізінің қалпына келтіру және экологиялық зерттеу жобаларын жалғастыру қажет. Бұл жобалар шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, тиімді шешімдер қабылдауға негіз болады. Жалпы, Арал теңізінің мәселесін шешу тек экологиялық қана емес, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да кешенді шешімдерді талап етеді. “Әрбір пікірдің өзіндік құны бар”-демекші, әртүрлі айтылып жатқан пікірлерден нәтиже шықпауы көңілге қаяу салдырғаны қашан [6, 96 б.] .

Арал теңізі мәселесінің шешімі күрделі болғанымен, оның салдарын азайтып, теңізді ішінара қалпына келтіруге бағытталған тиімді қадамдар бар. Көптеген ғалымдар мен экологтар теңіздің толық қалпына келуі қиын деп санайды, себебі су көлемінің азаюы және тұздану деңгейінің көтерілуі қайтымсыз процестерге әкелді. Арал теңізі мәселесін толық шешу мүмкін болмауы мүмкін, бірақ жоғарыда аталған қадамдар оның экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салдарын азайтуға көмектеседі. Бастысы – табиғатты қорғау және тұрақты даму қағидаларын ұстану, себебі болашақ ұрпақтың жарқын өмірі үшін бұл өте маңызды. Шешілмейтін түйін жоқ, бәлкім шешімін табар адам табылар? Қорыта келсек, соңғы жылдары Арал теңізінің проблемаларына байланысты туып отырған міндеттерді шешуге 30-дан астам ғылыми және жобалау мекемелері мен ұйымдары қатынасты. Дегенмен, көптеген ғылыми мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Жоғарыда келтірілген ұзақ уақытты қамтитын тарихи-географиялық зерттеулерде Арал теңізінің қалыптасуы жайлы, табиғаты жайлы нақтылы материалдар келтірілген. Осы материалдар Орта Азия табиғатының тұтастығын дәлелдейді. Сондықтан шөл зонасында орналасқан, сол территорияның ерекшеліктерін анықтайтын Арал теңізінің бүкіл Орта Азия табиғатын қалыптастырудағы маңызы ерекше. Арал маңындағы Қарақұмның тұсынан Аққұм деп аталатын тұзды, сортаңды қауіпті аймақ пайда болды. Оның көлемі күн сайын ұлғаяуда. Аққұмнан ұшқақ қиыршық құм мен тұз берісі Торғай, Павлодар, Көкшетау облыстарына жетсе, арысы Грузия шай плантациясына зиянын тигізуде. Солтүстік Мұзды мұхитқа дейін жеткен Арал тұзы Сибирьдің жасыл ормандарына әсер етуде. Баспасөз хабарына қарағанда, Қарақалпақстанның Аралмен көршілес Мойнақ ауданында балалар өлімі көбеюде. Өйткені ана сүтінің құрамында тұз мөлшері нормадан бірнеше есе жоғары.

Ғалымдардың болжауына қарағанда, құрғаған теңіз табынының көп бөлігі 2000 жылдарға қарай құмды сортаңды шөлге айналды. Ал табиғи өсімдік жамылғысының өсуіне топырақтың күшті тұздануы кері әсер етеді. Қазіргі кезе Арал тағдыры-адам тағдыры деген қанатты сөз кең тарауда. Бұл сөзде үлкен экономикалық, әлеуметтік мән жатыр. Мұның өзі Аралды құтқару үшін зерттеу жұмыстарын өрістету нәтижесінде тығырықтан шығар жолдар іздеу мәселесін алға қойып отыр. Арал теңізін қалпына келтіру мәселесі Қазақстан мен көрші елдердің, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың бірлескен іс-қимылын талап етеді. Су үнемдеу технологияларын қолдану, экологиялық мониторинг жүргізу, орман алқаптарын көбейту және халықты экологиялық сауаттандыру сияқты шаралар арқылы теңіздің жағдайын біршама жақсартуға болады. Арал теңізінің мысалы табиғатқа немқұрайлы қараудың, табиғи ресурстарды орынсыз пайдаланудың қандай салдары болатынын көрсетеді. Сол себепті бұл мәселеден сабақ алып, табиғатқа ұқыпты қарап, келешек ұрпаққа таза және бай табиғи орта қалдыруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Грабаров П.Г. Антропогендік топырақтың тастап кетуі. - А., 1984.
2. Толстов.С. Ежелгі Оке пен Яксарт атырауы бойынша. - М., 1962.
3. Орталық Азияның ежелгі авторлары. Л.В. Баженовтың редакциясымен. - Ташкент, 1940.
4. Бейсебаев А.С. Қазақстан табиғатын зерттеу. - А., 1979.
5. Берг.Л.С. Арал теңізі. 1908. - Санкт-Петербург.
6. Бутакова.И. Арал теңізінің жағалары. Түркістандық ведомостар. - Ташкент, 1872.

КЕЙКІ БАТЫР — ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒА (1871-1923ЖЖ.)

Өмірзақ А.А.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистры Е.Н. Аймахов

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Aibekprofi15@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақтар Ресей империясы және кеңес заманында қатты қысым көрді. Бұл қазақ ұлтының дамуына, шын мәнінде, толыққанды ұлт болып сезінуіне өзінің салқынын тигізді. Қазақтар орыс үстемдігіне, кеңестік жүйеге қарсы шығып отырды. Әрбір он жылдықта қазақтар өз егемендігі жолында ірі көтерілістерді ұйымдастыра білді. Мұндай көтерілістер мысалға: 1821 жылы болған Қоқан хандығына қарсы, 1845 жылы Хиуаға және 1871 жылы Қытайға қарсы бағытталғанымен, оның шығуына орыстың отарлық басқыншылығы басты себеп болды. Өкінішке қарай, ол көтерілістер ылғи да жеңіліспен аяқталды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған қарулы көтеріліс – 1837-1846 жылдар аралығында қазақтардың XIX ғасырдағы орыстарға бағытталған үлкен наразылығы және орыс үстемдігіне қарсы ұлттық соғысы болып табылады.

Сөйтіп қазақы өмір салтымен берекелі өмір сүріп жатқан ел аяқ астынан орыстың бодандығына айналып, тәуелсіздігінен айырылды. Патша шенеуіктері елді құнарлы аймақтардан шөл және шөлейт жерлерге ығыстыра бастады. Олар осынау кең далада тынысы тарылып, ауа жетпейтіндей күйге көшті. Билік тізгіні негізінен зердесі жоқ қой бағып, торсық емген топырақтардың қолына тиді. Бұл патша саясатының басты бағдары еді. Ресей отаршылары қазақ жеріне орнатқан тәртібі, кәдімгі қатаң отарлық тәртіп болды. Қазақтың құнарлы жерлері тартып алынып түгелдей орыс шаруаларына берілді. Сарыарқаның ең жақын жерлері мен су көздерін басып алған келімсектер көшпелілердің миграциялық айналысына кедергі келтірді. Бұл көшпелілердің өмірі үшін нағыз апат болды. Отарлау саясаты жергілікті халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайын одан сайын күйзеліске әкелді. Негізінен орыстардың отарлау саясаты түбірімен өзіне бағындыру болатын. Және орыс билігі тек отарлау, өзге елдің есебінен жерін ұлғайтуға баса көңіл аударды[1].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының ғасырдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында кезінде жүргізілген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев сияқты ел таныған көсемдер мен батырлар бастап шықты. Әсіресе Амангелді Имановтың осы ұлт-азаттық көтерілісте барлық жазылған қазақ романдарында және пьесаларында үлкен мән берген. Бірақ, осындай бет-бұрыс оқиғада Амангелді Иманов жалғыз ғана патша үкіметіне қарсы шыққан емес, оның өзінің сарбаздар және оның орынбасары, яғни оң қолы Кейкі Көкембайұлы батыр болған.

Халқы қалап қас мерген атап кеткен Кейкі Көкембайұлы 1871 жылы бұрынғы Қайдауыл болысы қазіргі Амангелді ауданына қарасты Байтума қопасы деген жерге дөңгелек шаруасы бар аңшы отбасында дүниеге келген. Әкесіне еріп қаршадайынан аң аулап, несібесінің түздеп тапқан. Туа біткен табиғи қасиеті шығар, көздегенін құр жібермейтін, сілтегенін сілейтіп түсіретін қол мерген болыпты. Сонан жұрт оны жастайынан-ақ